Әділет

# 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 18 наурыздағы № А-1 /57 қаулысы. Ақмола облысы Шортанды ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 29 наурызда № 1-18-130 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 23 қазандағы № А-9/241 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 23.10.2014 № А-9/241 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » Заңының 31 бабы 1 тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 19 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 қаулысының негізінде, Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылғы сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мақсатында аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Ақмола облысы Шортанды ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі арқылы 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсанында әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскери қызметке шақыру бойынша белгіленген әскери мерзімдерін өткермеген азаматтардың мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Аудандық шақыру комиссиясы 1 қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын және бекітілсін.

3. Азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында әскери қызметке шақыру өткізуінің кестесі 2 қосымшаға және 2011 жылдың қазан-желтоқсанында әскери қызметке шақыру өткізуінің кестесі 3 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Шортанды ауданы әкімдігінің «2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы» 2010 жылғы 5 мамырдағы № А-1/ 101 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімде № 1-18-113 болып тіркелген, аудандық «Вести», «Өрлеу» газеттерінде 2010 жылғы 29 мамырдағы жарияланған), Шортанды ауданы әкімдігінің «2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы» қаулысына өзгерістер еңгізу туралы» 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № А-1/261 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімде № 1-18-118 болып тіркелген, 2010 жылғы 6 қарашада «Вести», «Өрлеу» аудандық газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Шортанды ауданы әкімінің орынбасары М.А.Атабаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы Шортанды ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шортанды ауданының әкімі С.Камзебаев*

«КЕЛІСІЛДІ»

*«Ақмола облысы Шортанды ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Е.Бегімқұлов*

*«Ақмола облысы ішкі істер Департаментінің Шортанды аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Қ.Бабжанов*

*Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Шортанды орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорнының бас дәрігері А.Шәріпова*

Шортанды ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 18 наурыздағы № А-1/57 қаулысына 1 қосымша

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2011.09.05 № А-2/220 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

## Аудандық шақыру комиссиясының ҚҰРАМЫ

| | |
|---|---|
| Бегімқұлов Ерсайын Елемесұлы | майор, «Ақмола облысы Шортанды ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы, аудандық шақыру комиссиясының төрағасы |
| Атабаев Марат Алтайбекұлы | Шортанды ауданы әкімінің орынбасары, аудандық шақыру комиссиясы төрағасының орынбасары |
| Шақыру комиссиясының мүшелері: | |
| Әшімов Шыңғыс Бауыржанұлы | полиция капитаны, «Ақмола облысының ішкі істер Департаментінің Шортанды ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары |
| Иманбаева Райхан Болатқызы | Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Шортанды орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорнының дәрігер-терапевті, медициналық комиссияның төрайымы |
| Машанло Кристина Сергеевна | Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Шортанды орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорнының емханасының медициналық бикесі, аудандық шақыру комиссиясының хатшысы; |

2 қосымша Шортанды ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 18 наурыздағы № А-1/57 қаулысымен бекітілді

## Азаматтарды 2011 жылғы сәуір-маусымында әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

| № | Селолық, ауылдық округтер және кенттер атауы | Азамат-тар саны | Шақыру өткізу күні | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 1 сәуір 2011 жыл | 4 сәуір 2011 жыл | 5 сәуір 2011 жыл | 6 сәуір 2011 жыл | 7 сәуір 2011 жыл |
| 1 | Андреевка селолық округі | 16 | 16 | | | | |
| 2 | Дамса селолық округі | 40 | | 11 | | | |
| 3 | Бозайғыр ауылдық округі | 41 | | | 10 | | |
| 4 | Жолымбет кенті | 42 | | | | | 10 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Бектау ауылдық округі | 32 | | | | | |
| 6 | Научный кенті | 9 | | | 9 | | |
| 7 | Новокубанка селолық округі | 35 | | | | | |
| 8 | Петровка селолық округі | 32 | 20 | | | | |
| 9 | Раевка селолық округі | 24 | | | | 14 | |
| 10 | Пригородное селолық округі | 16 | | | 16 | | |
| 11 | Новоселовка селолық округі | 29 | | 19 | | | |
| 12 | Шортанды кенті | 64 | | | | 15 | 14 |
| Барлығы | | 380 | 36 | 30 | 35 | 29 | 24 |

кестенің жалғасы

| Шақыру өткізу күні | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 сәуір 2011 жыл | 11 сәуір 2011 жыл | 13 сәуір 2011 жыл | 15 сәуір 2011 жыл | 27 сәуір 2011 жыл | 11 мамыр 2011 жыл | 25 мамыр 2011 жыл | 8 маусым 2011 жыл | 27 маусым 2011 жыл |
| | | | | | | | | |
| | | 29 | | | | | | |
| | | | 21 | | 10 | | | |
| | | | | 22 | | | 10 | |
| 32 | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | 20 | | | | | | 15 | |
| | | | | | | 12 | | |
| | | | | | | | | 10 |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | 10 | | 5 | | 5 | 10 | | 15 |
| 32 | 30 | 29 | 26 | 22 | 15 | 22 | 25 | 25 |

3 қосымша Шортанды ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 18 наурыздағы № А-1/57 қаулысымен бекітілді

## Азаматтарды 2011 жылғы қазан-желтоқсанында әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

| | | | Шақыру өткізу күні | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

| № | Селолық, ауылдық округтер және кенттер атауы | Азамат-тар саны | 3 қазан 2011 жыл | 4 қазан 2011 жыл | 5 қазан 2011 жыл | 6 қазан 2011 жыл | 7 қазан 2011 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Андреевка селолық округі | 21 | | 21 | | | |
| 2 | Дамса селолық округі | 59 | 15 | | | | |
| 3 | Бозайғыр ауылдық округі | 49 | | | 25 | | |
| 4 | Жолымбет кенті | 69 | | | 20 | | 15 |
| 5 | Бектау ауылдық округі | 39 | | | | 19 | |
| 6 | Научный кенті | 13 | 13 | | | | |
| 7 | Новокубанка селолық округі | 40 | | | | | |
| 8 | Петровка селолық округі | 30 | | | | | |
| 9 | Раевка селолық округі | 22 | | 22 | | | |
| 10 | Пригородное селолық округі | 20 | | | | | |
| 11 | Новоселовка селолық округі | 33 | | | | | |
| 12 | Шортанды кенті | 75 | | | | 11 | 33 |
| Барлығы | | 470 | 28 | 43 | 45 | 30 | 48 |

## кестенің жалғасы

| Шақыру өткізу күні | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 10 қазан 2011 жыл | 12 қазан 2011 жыл | 14 қазан 2011 жыл | 26 қазан 2011 жыл | 9 қараша 2011 жыл | 23 қараша 2011 жыл | 14 желтоқсан 2011 жыл | 28 желтоқсан 2011 жыл |
| | | | | | | | |
| | 14 | | | | 5 | 18 | 7 |
| | | | 14 | | | 10 | |
| | | 34 | | | | | |
| | | | | | 10 | | 10 |
| | | | | | | | |
| 25 | | | | | 15 | | |
| | | | | 30 | | | |
| | | | | | | | |
| | | | 20 | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 10 | 24 | 4 | | 6 | | 10 | 10 |
| 35 | 38 | 38 | 34 | 36 | 30 | 38 | 27 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК